

Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрінің 2014 жылғы 4 сәуірдегі № 104-Ө бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 10 сәуірде № 9307 тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы

1-тармағының 11) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 24.12.2015 № 18-03/1111 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындау қағидалары бекітілсін.

2. Мынадай бұйрықтардың күші жойылды деп танылсын:

1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 6 сәуірдегі № 233 "Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындау ережесін бекіту туралы" бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6218 болып тіркелген, 2010 жылдың 25 тамызында № 224 (26285) нөмірімен "Казахстанская правда" газетінде; 2010 жылғы № 14 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында (Тиражға шыққан уақыты 26.08.2010 ж.) ресми жарияланған);

2) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 6 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 6 сәуірдегі № 233 "Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындау ережесін бекіту туралы" бұйрығына өзгеріс енгізу туралы" бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8277 болып тіркелген, 2013 жылдың 30 қаңтарында № 56 (27995) нөмірімен "Егемен Қазақстан" газетінде ресми жарияланған).

3. Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Балық шаруашылығы комитеті заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімдік баспа басылымдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрлігінің жетекшілік ететін Вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

Н. Қаппаров

Қазақстан Республикасы
Қоршаған орта және су
ресурстары министрлігінің
2014 жылғы 4 сәуірдегі
№ 104-Ө бұйрығымен
бекітілген

Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындау қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрлігінің 17.09.2025 № 241 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9–бабы 1–тармағының 11) тармақшасына сәйкес әзірленді және жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме (бұдан әрі – биологиялық негіздеме) дайындаудың тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) биологиялық негіздеме – жануарлар дүниесін пайдалануға, жануарлар дүниесі объектілерінің рұқсат етілген аулау мөлшерін анықтауға, сондай-ақ жануарлар дүниесінің объектілері мен олардың мекендеу ортасына ықпал етуге қабілетті қызметке арналған ғылыми негізделген қорытынды;

2) есептеу – олардың параметрлері мен жағдайын фиксациялау үшін нысандарды басқару бөлігі, есеп ведомосының (кестелерде) жиналған мәліметтері: бухгалтерлік, бюджеттік, жылдам мониторингілік, кадастрлық – жинағы, статистикалық;

3) жануарлар дүниесі мониторингі – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару және биологиялық әртүрлілікті сақтау мақсатында жануарлар дүниесі объектілерінің жай-күйі мен динамикасын байқау, бағалау және болжау жүйесі;

3. Биологиялық негіздемені дайындау келесі мақсаттарда жүзеге асырылады:

1) жануарлардың түрлерін санаттарға жатқызу және оларды жануарлар дүниесінің бір санатынан басқасына ауыстыру;

- 2) жануарлар дүниесінің объектілерін алып қоюдың шекті рұқсат етілген көлемін айқындау;
- 3) жануарлар дүниесінің санын реттеу;
- 4) жануарлар дүниесін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру;
- 5) жануарлар дүниесі объектілерін, олардың бөліктері мен дериваттарын пайдалануға шектеулер мен тыйым салу, оларды пайдалану орындары мен мерзімдерін белгілеу;
- 6) жануарлар мен олар мекендейтін ортаға шаруашылық және өзге қызметтің әсерін айқындау;
- 7) жануарлар түрлерінің өсімін молайту.

2-тарау. Биологиялық негіздемені дайындау

4. Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме бір жыл ішінде жануарлардың өткен жылдағы санын есепке алу материалдары, жануарлар дүниесі объектілерінің және олар мекендейтін ортаның мониторингі және ғылыми зерттеулер негізінде дайындалады.

Жануарлар дүниесін пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындауды ғылыми және (немесе) ғылыми–техникалық қызмет субъектілері ретінде аккредиттелген заңды және жеке тұлғалар жүзеге асырады.

5. Биологиялық негіздемеде келесі мәліметтер:

1) жануарлар дүниесінің объектілері үшін болжамды алу (алып қоюдың шекті рұқсат етілген көлемі) көлемінің негіздемесі және оның жануарлар дүниесі объектілерінің жай–күйіне әсер ету (ықпал ету) болжамы, жануарлар популяциясының тұрақты жай–күйі нормативтерінің болуы, кәсіпшіліктің шектеулері;

2) жануарлар дүниесі объектілері үшін (балықтан және басқа да су жануарларынан басқа) биологиялық негіздемені әзірлегенде:

– объектілердің атауы және олардың санаттары;

– таралу аймағы, санының динамикасы, материалды жинау әдістемесі, есепке алу тәсілдері, есеппен алынған аудан және түрлер бойынша есеп, бірнеше жылғы саны бойынша деректер;

– болжамды алу учаскесінің шекаралары сипатталған, су бедерінің, өсімдік жамылғысының, гидрологиялық режимнің, климаттың сипаттамасы бар аумақ (акватория);

– қазақ, орыс және латын тілдеріндегі атауы көрсетілген объектілердің жай-күйі туралы, орташа өнімділік пен табиғи өсімін молайтуға қабілеттілік, тұяқты және ірі жыртқыш жануарлар үшін таралымның жыныстық–жастық құрамы көрсетіледі;

3) жануарлар дүниесін пайдалану үшін белгіленген шектеулер мен тыйым салуларға ұсынымдар көрсетіледі.

Биологиялық негіздеме диаграммалардан, кестелерден, карта-схемалардан, бейнефотоматериалдардан және тағы басқалардан тұрады.

6. Жануарлар дүниесінің санатына байланысты биологиялық негіздемені дайындау кезінде осы Қағидалардың 5–тармағында көрсетілген мәліметтерден басқа мынадай қосымша мәліметтер келтіріледі:

1) жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлері – саны, зерттелу дәрежесі, таралуы жөніндегі көп жылғы деректер;

2) аңшылық объектілері болып табылатын жануарлардың түрлері – аңшылық алқаптары туралы ақпарат (аңшылық шаруашылығының санаты, ерекше қорғалатын табиғи аумақтың түрі, аңшылық алқаптардың резервтік қоры), жануарлар дүниесі объектісінің шаруашылық мәні, пайдалану түрі (кәсіпшілік, спорттық–әуесқойлық, коллекциялық және ғылыми мақсаттарда) және аңшылық алқаптардың сыйымдылығы (жемшөптік, ұялық, қорғау факторлары);

3) аң аулау қоспағанда, жануарлардың басқа да шаруашылық мақсаттарда пайдаланылатын түрлері – жануарлар дүниесі объектісінің шаруашылық мәні және популяцияның лимиттелу факторының болуы;

4) халықтың денсаулығын сақтау, ауыл шаруашылық және басқа үй жануарларының ауруларынан сақтану, қоршаған ортаға зиянды болдырмау, ауыл шаруашылық қызметіне елеулі зиян келтірілу қаупінің алдын алу мақсатында саны реттелуге жататын жануарлардың түрлері – жануарлар дүниесі объектісінің шаруашылық мәні, зиян келтірудің ықтимал дәрежесі, келтірілген зиян.

7. Аңшылық объектілері болып табылатын жануарларды пайдалануға арналған биологиялық негіздеме дайындаған кезде жануарларды аулаудың шекті рұқсат етілген көлемін айқындау үшін популяцияның өсімін болжау әдісі пайдаланылады. Кейіннен, әрбір шаруашылықта жануарларды аулаудың көлемін кәсіпшілік қарсаңындағы есеп алу, олар мекендейтін ортасының мониторингі, алып қоюдың оңтайлы көлемі, климаттық және әлеуметтік фактор деректеріне арналған түзетумен өзгерту қажет.

Әзірленетін биологиялық негіздемелер шеңберінде жануарлар дүниесі объектілерін жыл сайынғы мониторингтеу және есепке алу қорытындылары аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарының қатысуымен қаралады.

8. Арнайы пайдалану кезінде жануарларды алып қоюдың шекті рұқсат етілген көлемін есептеу жануарлар дүниесін пайдаланушылар үшін биологиялық сан алуандыққа ықтимал зиянды ескере отырып, алудың нормативтері, популяцияның динамикасы мен мекендеу ортасының өзгеру үрдісін зерделеудің объективті көп жылдық деректері негізінде бөлек жүргізіледі.

9. Жануарларды интродукция, реинтродукция мен будандастыруға арналған биологиялық негіздемені дайындаған кезде келесі мәліметтер көрсетіледі.

1) түрдің бұрынғы және қазіргі таралу аумағы және сол аумақта мекендейтін басқа түрлермен ықтимал өзара қатынас туралы;

2) іс жоспарланған ауданда биоценозға әсер ету бағасы, аумақтың табиғатты қорғау мәртебесі.

10. Шаруашылық және өзге де қызметтің жануарлар дүниесі объектілері мен олар мекендейтін ортаға әсерін айқындаған кезде мекендейтін ортаның болжамды сипаты мен өзгеру дәрежесі, әсер ету мерзімі, теріс әсерді азайту үшін ұсынылып отырған өтемақы шаралары, әртүрлі түрлер мен жүйелік топтарына әсерді сараптамалық бағалау туралы мәліметтер келтіріледі.

11. Жануарларды алудың шекті рұқсат етілген көлемін есептеу жануарлар дүниесін пайдаланушы үшін жануарлардың санын есепке ала отыра, таралым серпіні үрдісін зерттеудің объективті көпжылдық деректері және биологиялық әртүрлілікке тигізетін ықтимал залалын ескере отырып, тіршілік ету ортасының өзгерісі негізінде бөлек жүргізіледі.